

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

№	Тауар атауы	Функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары	Лот	Өлшем бірлік	Са ны
1.	3D конфокальды лазерлік сканерлеуші микроскоп	– Жабдықтың түрі: беттің үш өлшемді талдауына арналған конфокальды лазерлік сканерлеуші микроскоп; – Оптикалық зум: кемінде $1\times$ және $8\times$-ден аспайтын; – Жалпы үлкейту: кемінде $200\times$ және $24\,000\times$-ден аспайтын; – Оптикалық жүйе: пинхолды конфокальды жүйе; – Биіктік бойынша (Z) өлшеу диапазоны: кемінде 7 мм; – Биіктік бойынша (Z) ажыратымдылығы: 0,0005 мкм-ден (0,5 нм) аспайтын; – Биіктік бойынша өлшеудің қайталанғыштығы (σ): 0,012 мкм-ден аспайтын; – Көлденең бағыттағы (X-Y) ажыратымдылығы: 0,001 мкм-ден аспайтын; – Көлденең бағыттағы өлшеудің қайталанғыштығы (3σ): 0,02 мкм-ден аспайтын; – Кадр өлшемі: кемінде 2048×1536 пиксель; – Монохромды кескін деректерінің тереңдігі: кемінде 16 бит; – Түсті кескін деректерінің тереңдігі: RGB арнасының әрқайсысы үшін кемінде 8 бит; – Биіктік деректерінің тереңдігі: кемінде 24 бит; – Беттік сканерлеу жиілігі: кемінде 4 Гц және 120 Гц-тен аспайтын; – Сызықтық сканерлеу жиілігі: кемінде 7900 Гц; – Өлшеу сәулелену көзі: жартылай өткізгішті күлгін лазер; – Лазер толқын ұзындығы: 408 нм-ден аспайтын; – Лазер сәулесінің максималды қуаты: 0,95 мВт-тан аспайтын; – Лазер қауіпсіздігі класы: 2-сыныптан төмен емес; – Сәулеленуді қабылдағыш: фотоэлектрондық көбейткіш (PMT); – Оптикалық бақылауға арналған жарық көзі: қуаты кемінде 100 Вт галогендік шам; – Түсті камера: өлшемі кемінде $1/3$ дюйм CCD-матрица; – Түсті кескіннің ажыратымдылығы: кемінде 3072×2304 пиксель; – Автоматты функциялар: автофокустау, күшейтуді автоматты реттеу, өлшеудің жоғарғы және төменгі шектерін автоматты орнату, жарықтылықты автоматты реттеу; – Бағдарламалық қамтамасыз ету: 3D-модель құру, кедір-бұдырлықты өлшеу, профильді талдау, HDR және автоматты фокустау функцияларының болуы;	Лот 1	дана	1

		– Электр қорегі: 100–240 В, 50/60 Гц; – Тұтынатын қуаты: 450 В·А-дан аспайтын. – Бағдарламалық қамтамасыз ету: Профильді, кедір-бұдырлықты, жұқа қабықшалардың қалыңдығын, ауданды, көлемді, бұрыштарды және көлденең қималарды жанаспай өлшеу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Мақсаты: Өртүрлі материалдардың беткі қабатын жанаспай үш өлшемді өлшеуге, кедір-бұдырлығын, профилін және жабындарының қалыңдығын талдауға арналған.			
--	--	---	--	--	--

МҮМКІНДІКТЕРДІҢ КЕПІЛДІГІ

Жеткізілетін материал 12 айлық жарамдылық және жұмыс істеу қабілеттілігінің кепілдігіне ие болуы керек.

ЖАБДЫҚҚА ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Баға ҚҚС-сыз көрсетілген және DDP шарттарына сәйкес (сатып алушыға жеткізумен, барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтарды және баж салығын қамтиды) Өскемен қаласы, Бажова 7, қоймаға жеткізілуі керек.

Төлем шарттары: 0% алдын ала төлем, 100% жеткізілгеннен кейін төленеді.

Жеткізу:

Тауар жаңа болуы керек, яғни бұрын қолданылмаған, қалпына келтірілмеген, материалдық және өндірістік ақаулары жоқ, модификацияланбаған, өзгертілмеген, зақымдалмаған, ешқандай шектеулері жоқ (кепіл, тыйым, тұтқындау және т.б.), және Қазақстан Республикасының аумағында еркін айналымға шығарыла алуы керек.

№352/2024 жобаның ғылыми жетекшісі

 Л. Сулюбаева